

Қайталама түсті және қара металдар рыногын реттеу жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 14 қарашадағы N 1713 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 сәуірдегі N 381 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.23 N 381 Қаулысымен.

Түсті (олардың қорытпаларының) және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарының рыногын реттеу, құрамында мыс бар өнімдерді өндіруші отандық кәсіпорындарды шикізатпен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 29, 266-құжат):
көрсетілген қаулыға 4-қосымша мынадай мазмұндағы жолдармен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"Коррозияға төзімді	7204 21 100
(тоттанбайтын)	болаттың
қалдықтары мен	сынықтары

Қара металдардың қалдықтары	7204,
мен сынықтары	
(қолдануда болған рельстер,	7302*-ден
темір жол төсемдерінің элемент-	
тері, дискілер, доңғалақ	
ж ұ п т а р ы)	

Мыс қалдықтары мен сынықтары	7404 00
------------------------------	---------

Өңделмеген қайталама	7601 20 910,
алюминий қорытпалар: құймалары,	7601 20 990,

басқалары және олардан жасалған
бұйымдар

7603-7616 (тек
қайталама құймалардан
ж а с а л ғ а н д а р ы)

мынадай мазмұндағы ескертумен толықтырылсын:

"*Тауарлар номенклатурасы тауарлардың кодымен де және атауымен де
айқындалады";

2) *күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.08.14. N 765 қаулысымен.*

2. Осы қаулы жарияланғаннан кейін отыз күн өткен соң күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі